

# **Жапония университеті**

**Орындаған: ПиП 13-2 тобының**

**студенті Әшімова Т.Т.**

**Тексерген: аға оқытушы**

**Сарбасова Қ.А.**

# Киото университеті



*Киото университеті* - Жапония Киото қаласында орналасқан ең маңызды ұлттық оқу орындарының бірі. Ертректе императорлық университеттердің қатарына кірген. Жапон елінде Токио университетінен кейінгі ең ескі университеттің бірі болып есептеледі. Киото университетінде шамамен 22 мың студент білім алады. Университет құрамында 10 факультет, 15 жоғары мектеп, 12 зерттеу институты және 21 ғылыми орталық бар.

Kyoto University – әлем университеттері арасында «Global universities ranking» рейтингісі бойынша 11-орында болса, «Times Higher Education-QS World University Rankings» рейтингінде 25-орынды иеленді.

Қазіргі таңда Киото университетінің 5 түлегі Нобель сыйлығы лауреаттары.

# Киото

## университетіндегі:

**Мамандықтар**  
Политология  
Юриспруденция  
Биоинженерлік  
Құрылыс  
Электроника  
және  
микроэлектроник  
Қаржы

**Программалар**  
Магистратура,  
Ғылым докторы  
Бакалавриат,  
Машықтану  
Тіл үйрену  
курстары.

## **Қабылдау мерзімі**

Қабылдау мерзімі ақпан-наурыз айларында басталады.

## **Дайындық курстары**

Киото университетінде талапкерлерге дайындық курстары қарастырылмаған. Жапон тілі курстары тек ЖОО студенттеріне немесе ауысу программалары бойынша келгендерге ғана болады.

## **Оқу құны**

Бакалавриат – 6430\$, емтиханы бағасы – 204\$.

Магистратура – 6430\$, емтихан бағасы – 360\$.

Құқық мектебі - 9650\$, емтихан бағасы - 360\$.





Жапонияда жоғарғы оқу орынының мамандық бөлімі және мамандық мектептерінің жоғарғы курс, ( жоғарғы мамандық мектебі) және жоғарғы мектеп программасы сияқты мамандық білімдеріне қамтылады.

<b>Мектеп</b>	<b>Сыныптама және игеретін білім, тәрбиесі</b>	<b>Мерзімі</b>
<i>Бастауыш мектеп</i>	<i>Балабақша жасының негізгі мағұлматтарын үйретумен қатар, өзін дамыту білу сияқты негізгі құндылықтарды үйретеді.</i>	6- жыл6-жастан 12-жас
<i>Орта мектеп</i>	<i>Бастауыш сыныптың негізгі біліміне сәйкесорта сыныптың негізгі білімдерін тереңдете оқытады</i>	3-жыл12-жастан 15- жас
<i>Аға мектеп</i>	<i>Орта сынып білімін тереңдете оқып болашақ мамандығына дайындау</i>	3-жыл 15-жастан 18-жас
<i>Мамандық мектебі</i>	<i>Өзінің таңдаған мамандығы туралы толық меңгеріп, тәжірибесін жоғарлату</i>	2-жыл
<i>Қысқа мерзімді мамандық жоғарғы оқу орыны</i>	<i>Жоғарғы оқу орнында алатын мамандық білімін қысқа мерзімде үйреніп өмірде іске асыра білу</i>	2-жыл
<i>Жоғарғы оқу орыны</i>	<i>4 жыл мерзімде үйреніп зерттеулер жасап өзін өзі дамытып қоғамға шығуға дайын болу</i>	4-жыл
<i>Магистрантура және Докторантура .</i>	<i>Тереңдете оқып , мамандық деңгейінде игеру.</i>	2- 2.5 жыл



# Қазақстан және Жапония университеттері арасындағы әріптестік жайлы алғаш меморандумға қол қойылды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Жапонияның жетекші жоғары оқу орны - Васэда (Waseda University) университетімен әріптестік жөніндегі меморандумға қол қойды. Қос университет бекіткен өзара түсіністік жайлы келісімнің басты мазмұны әріптестіктің перспективалы бағыттарын дамыту, оқытушылар мен студенттер арасындағы білім беру, кәсіби және мәдени байланыстарды нығайтуға келіп саяды. Академиялық қызметті дамыту, ғылыми-зерттеу саласындағы әріптестік, студенттер мен мамандарды оқыту өзара қызығушылық тудыратын салалар болып танылды.

Васэда университеті дүние жүзінде Жапонияның ең беделді екі жоғары оқу орнының бірі (екіншісі - Кэйо университеті) ретінде белгілі. Жапондық классикалық білім берудің принциптеріне берік 130 жылдық тарихы бар Васэда университетінің негізін ғалым және саясаткер Окума Сигэнобу қалаған.





- **Үкіметтен білім саласына аса мән беріп көптеген жобалар іске асырады мұнда шетел студенттерінің стипендия бағдарламасы және мемлекет қаржысымен оқитын студенттерге қойылатын талаптар:**
  - Магистр дәрежесін қорғаушы үміткер өз мемлекетінде жақсы маман иегерген болу
  - Жапония мемUniversity\_of\_Tokyo\_-\_Gogetsusai\_2010\_лекетімен дипломатиялық қарым қатынас құрған мемлекет болуы шарт / қатар екі елдің азаматы болуға болмайды
  - Әскер немесе қандай бір әскери саламен байланысы болса стипендияға қамтыла алмайды
  - Стипуasuda-auditorium-tokyoендияға қамтылатын студент жапон тілін жақсы меңгерген болу және жапон тарихы, заңдарын жапон тілінде зерттеген болу, және денсаулығы сол елдің қойған талаптарына сай болуы шарт
  - Өз мемлекетінде жалпы орта және жоғарғы білімдерін 16 жыл немесе одан жоғарғы жыл курс, оқуларда бітірген \ бітіретін сынып\ оқушы болуы шарт
  - Магистр дәрежесін қорғаушылар жоғарғы оқу орынын бітірген немесе соған теңкелетін дәрежеде білім игерген 22 жастан жоғары / медицина ғылымы бетеринерлік салалары бойынша доктарантура дәрежесін қорғаушылар 24 жас/ толған болуы шарт.

## **Жоғарғы оқу орындарына қабылдану талаптары:**

1. Жапония мемлекетінің жоғарғы оқу орыны, жоғарғы оқу орынынан кейінгі білім беру ұйымдар, қысқа мерзімді жоғарғы оқу орындары, мамандық мектептеріне ілесу үшін төменгі талаптарды орындаған болу шарт;

2. Мемлекетінде 12 жылдық жалпы білім меңгерген азамат ( дипломнан кейінгі білім беретін мектеп болған жағдайда 16 жылдық білім) және жапонияның жоғарғы оқу орынына ілесуі анықталған, емтихандардан өткен және халықаралық баклавр дәрежелі 18жастағы азаматтар болу;

3. Жоғарғы оқу орыны, диплом жұмысанан кейінгі білім беру мектептері, қысқа мерзімді жоғарғы оқу орындары, жапония мемлекетінде білім алуды қабылдайтын көптеген мүмкіндіктер болумен қатар, кей жағдайда жапон тілі емтиханынан 1-ші дәрежелі болу шарт

## **yasuda-auditorium-tokyo«Мамандық мектептер»төменгі талаптардың қай бірін орындаған азаматтар**

- Жапон тіл білімін дамыту кеңесінің ресми түрде қабылдаған жапон тіл мектептерінде
- Жапон тілінің деңгей сынабының 2 дәрежелі болу
- Жапонияның бастауыш, орта, аға мектептерінің бірінде 1- ден жоғары жыл мамандық игерген
- Жапония мемлекетінде оқу үшінгі емтиханда ( жапон тілінен оқу, тыңдау) 200-ден жоғарғы ұпай алған азамат

Жапония білім саласының жәрмеңкелері Азияның 5 мемлекетінде , Америка, Түркия мемлекеттерінде ұйымдастырылады.

- Мектептердің оқушы алмасу бағдарламасы
- Халықаралық білім семинарлары
- Жапонияда оқу стипендия бағдарламалары
- Жапония мемлекетінде оқу орындарын халықаралық дәрежеде жарнамалау бағдарламаларын ұйымдастырады.

Жапония елінде оқу жылы сәуір айында басталады және ол триместрлерге бөлінген. Бірінші триместр 20 шілдеде аяқталады, содан соң оқушылар жазғы демалысқа шығады. Екінші триместр 1 қыркүйектен желтоқсан айының соңына дейін жалғасады, ал үшіншісі – қаңтар – наурыз айлары аралығында болады. Бір сыныптан басқа сыныпқа ауысу бір апталық көктемгі демалыс кезінде жүргізіледі.

**Жапонияда мектеп мұғалімі** - ежелден бері ер адамдардың мамандығы болып есептеледі. Жапония мектептерінің көбісінде асхана жоқ, оқушылар сыныпта тамақтанады.



## Жапония мектептері туралы 30 дерек.

1. Жапонияда балалар 6 жыл бастауыш мектепте, 3 жыл орта мектепте, 3 жыл жоғарғы мектепте және 4 жыл университетте оқиды.
2. Балдырғандар 3 жасынан бастап балабақшаға міндетті түрде барады. Осы жерде жүріп хирагана мен катакананы оқып үйреніп, арифметиканың негіздерімен таныса бастайды.
3. Барлық бала мектепке қабылдану үшін экзамен тапсырады. Экзаменнен өте алмағандар қосымша дайындық мектебіне барып, келер жылы қайта тапсырады.
4. Бастауыш және орта мектептегі білім тегін. Ал жоғарғы мектеп пен университетте тек ақылы бөлімде оқиды.
5. Бастауыш мектепте үй тапсырмасын бермейді. Есесіне, орта және жоғарғы мектеп оқушыларына үй тапсырмасы көп мөлшерде беріледі. Осы кезеңде жапон оқушылары мемлекеттің ең жұмысбасты азаматына айналады.
6. Әр мектептің өзіне ғана тән дара формасы бар.
7. Мектептің кіре берісінде аяқ киімге арналған шкаф тұрады.
8. Көп мектепте шашқа байланысты сақталуы тиіс қатаң ережелер тізімі бар. Ол ережеге сәйкес оқушылар шашының түсі тек табиғи болуы керек.
9. Көптеген мемлекеттік және жекеменшік мектепте ұл бала қысқа шаш үлгісімен жүруі керек.
10. Қыздарға шаш бояуға, косметикамен боянуға, тырнағын сәндеуге, көлемді әшекей тағуға тыйым салынады.
11. Оқушылар тек қара, ақ, қара көк түсті шұлық киіп жүре алады. Студент мектеп ережесіне қарсы келіп, басқа түсті шұлық киген жағдайда оны тәркілейді.
12. Әдетте бір сыныпта 30-40 оқушы оқиды.
13. Ұстаздар сыныптан сыныпқа көшіп жүргенімен, оқушылар кабинет ауыстырмайды.
14. Оқушылар жапонша жазып, кітап оқып үйрену үшін 2 500 таңбаны жатқа білуі тиіс.
15. Жапон оқушылары оқу мен жазуды дұрыс жапон иероглифтерінің, қытайлық иероглифтердің және латын әліпбиінің көмегімен үйренеді.

16. Жапония мектептерінде негізгі пән ретінде математика, жапон тілі, қоғамдық ғылымдар, музыка, дене шынықтыру және қолөнер оқытылады. Дәл қазір ағылшын тілі бастауыш мектептен бастап қолға алынуда.

17. Оқушылар қосымша салауатты өмір салты, информатика, музыка, үй шаруашылығы, каллиграфия мен хайка сынды пәндерді оқиды.

18. Оқушылар техниканы білімдерін жетілдіру мақсатында пайдаланады. Барлық мектеп интернетпен қамтылған.

19. Жапон мектептерінде еден жуушылар болмайды. Барлық оқушы кішігірім топтарға бөлінеді. Әр топ өзіне тиесілі сынып бөлмесін, ауланы жинастыру, гүлге су құю сынды жұмыстармен айналысады.

20. Мектептердің барлығында дерлік футбол, кендо, бейсбол, дзюдо, теннис, жеңіл атлетика, жүзу, волейбол, регби сынды клубтар бар. Сабақтан кейін клуб мүшелері бас қосып, уақыттарын бірге өткізеді.

21. Жазғы демалыс 40 күнге созылады. Ережеге сәйкес 20 маусым мен 31 тамыз аралығын қамтиды. Ал қысқы демалыс 26 желтоқсан мен 6 қаңтар аралығында 10 күнге созылады. Көктемгі демалыс та 25 наурыз бен 5 сәуір аралығында 10 күнге жуықтайды.

22. Жапониядағы оқу жылы сәуір айынан басталады.

23. Оқушыларға жазғы және қысқы демалысқа үй тапсырмасы беріледі.

24. Жапонияда барлық оқушы сенбі күндері де оқиды.

25. Оқушыларға мектепке дәрі-дәрмек, жүрек жалғайтын тамақ алып кіруге тыйым салынады.

26. Әрбір мектепте оқушылардың дұрыс тамақтануын қамтамасыз ететін диетолог мамандар жұмыс істейді.

27. ЖОО студенттері сабаққа жеңіл көлікпен келеді. Оларда оқушылар мен студенттерге арналған автобус жүрмейді.

28. Оқушылар сабаққа жаяу, велосипедпен немесе қоғамдық көлікпен қатынайды.

29. Жұмыс берушілер тарапынан ЖОО-ға түсу балы жоғары студенттерге сұраныс арта түседі.

Студент ЖОО-ны бітірген соң оқу ақысын төлеген компанияға жұмысқа орналасады. Ал компания өз кезегінде оқуға төлеген ақшаны студенттің жалақысынан ұстап қалады.

30. Студенттер ЖОО-ны тәмамдаған кезде курстық, дипломдық жұмыстар жазбайды. Тек оқытушыларға бірнеше беттік есеп ұсынады.





**Назарларыңызға  
рахмет!!!**